

**Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны «Айгүл» бөбекжайы өзін – өзі бағалау қорытындысы
аттестаттау комиссиясының тұжырымы**

**Түпқараған ауданы Таушық ауылы
04.04.2025 ж.**

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 – желтоқсандағы № 486 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3- тамыздағы № 348 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Маңғыстау облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылға арналған кестесін және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Айгүл» бөбекжайы директорының 17.01.2025жылғы №163 бұйрығы негізінде 2025 жылдың наурыз айында балабақшада өзін – өзі бағалау өткізілді.

Өзін – өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрайымы:

Әлішбаева Индира Дабылқызы- Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Айгүл» бөбекжайы директоры

Комиссия төрайымының орынбасары;

Саликова Алия Нургалиевна - «Айгүл» бөбекжайы әдіскері

Комиссия мүшелері:

Жүсіпова Меңзипа Мұхитқызы – «Айгүл» бөбекжайы тәрбиешісі

Әлиасқарова Гүлнұр Әлиасқарқызы - «Айгүл» бөбекжайы тәрбиешісі

Кабиева Гулзияш Кусайновна- «Айгүл» бөбекжайы дене тәрбиесі нұсқаушысы

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1) Білім беру ұйымының атауы: Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Айгүл» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

2) Орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы): 130505 Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Таушық ауылы Ардагерлер 39/1құрылыс

3) Занды тұлғаның байланыс деректері: Телефон: 8(72938)23-1-86, Телефон: 87011242976

det.sad-1@mail.ru

Сайт <https://aigul-tupkaragan.kz>

Инста:https://www.instagram.com/aigul_bobekzhai?igsh=MXIxeDNpajZhbmlucw%3D%3D&utm_source=qr

Facebook: <https://www.facebook.com/share/1B1FUH8U2u/>

4) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Әлішбаева Индира Дабылқызы - 13.01.2025 жылғы №5-ж/қ бұйрығымен директор лауазымына тағайындалған.

5) Құқық беруші құжаттар: Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»

коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Түпқараған аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде №13-199-004-1209 Жарғы БСН 990740003003 (бизнес сәйкестендіру номері) 1999 жылдың 22 шілдесінде тіркелген.

6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы: Хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: **15.08.2019 ж KZ68RVK00020700**

Басшының лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер 13 қаңтар 2025 жылғы № 5

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты 2007 жылы типтік жобада салынған, екі қабатты ғимарат, ішкі және сыртқы тұрақты қабырғаларының материалы қабыршақты блоктардан қаланған, жалпы алаңы 1553,2 ш.м.

Мектепке дейінгі ұйымның су жүйесі орталықтандырылған, кәріз жүйесі септик, жылыту жүйесі өз алдына автономды, ғимараттың қазіргі жағдайы жақсы, жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 20 – бабына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық сараптау қызметтің (18.12.2024ж) қорытындысы, ҚР білім және ғылым министрінің 30.03.2022ж №117 бұйрық, ҚР Ішкі істер министрінің 23.01.2019ж №49 бұйрық бойынша жасақталған.

Өрт сөндіру құралдарының паспорты бар, өрт болған жағдайда адамдарды және құнды заттарды құтқару жолдары көрсетілген. Сызба жоспары балабақша ғимаратының әр қабатына ілінген. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан. Дабыл қаққыштар мен бейне бақылау камераларыны дұрыс жұмыс жасап тұр. Барлық камералармен дабылқақышар ЦОУ-ға қосылған. Бәріне ТОО «NUR SERVICE SYSTEMS» мен келісім шарт бар. Жарықтандыру орталықтандырылып, топ бөлмелеріне жарық қамтамасыз етілген. Балабақша ауласына көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аула шарбақпен толық қоршалған. Өртке қарсы инвентарьмен жабдықталған. Жалпы саны 45 бейне бақылау камерасы орнатылған оның 35 - іште, сыртқа - 10 қойылған. Сақталу мерзімі 30 күн. Аула жарықтандырылған. Заманауи техникамен жабдықталған дербес жылу қазандығы жылумен қатар ыстық су беріп тұр

Баланы балабақшаға қабылдау INDIGO порталы арқылы қабылданады. Бала саны 100. Топтар саны: - 4

2 - жас аралығы - (кіші топ) – 1 топ

2- жас аралығы - (кіші топ)- 1 топ

3 - жас аралығы - (ортаңғы топ) - 1 топ

4 - жас аралығы - (ересектер тобы) – 1 топ

Бөбекжайымызда 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімінің қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет есебінен ата-аналар төлемақысынан жеңілдіктер қарастырылған.

Білім мекемесінің аттестациядан өтетін жылы-2025 жыл.

Бөбекжайдың жұмыс уақыты: сағат 10,5 (8.00-18.30). Балалар үшін медициналық кабинет (Мемлекеттік лицензия серия №0007079 мерзімсіз). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9

шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалар мен нормаларына сәйкес, балабақша аумағы қоршалған, әр топтарға арналған ойын алаңдары балалардың жас ерекшеліктеріне сай қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Бөбекжай аумағында ағаштар өсіріледі. Бөбекжай жанында балалардың экологиялық таным қасиеттерін дамытуға, үлкендер еңбегіне қызығушылығын арттыру мақсатында жылыжай жұмыс жасайды. Балабақша учаскесіне кіру, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдар қатты жабынмен жабылған (тротуарлық плитка).

2.Кадрлар құрамын талдау

ЖБҚ МКҚК «Айгүл» бөбекжайының жылдық жоспары оқу жылының басында талданып, педагогикалық кеңесте бекітілген. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы 27.12.2019ж №293-VI, ҚР Үкіметінің 31.12.2015ж №1193 қаулысы негізінде жалақы есептелінеді. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Айгүл» бөбекжайы педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- Балабақшаның Ережесіне;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- Оқу жұмыс жоспарына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Бөбекжай педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып, әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырады және педагогикалық мамандар үш жыл сайын өз білімін жетілдіру курстарына жіберіледі.

-Бөбекжайымызда 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған.

2022-2023 оқу жылында штаттық кесте бойынша 18 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде: директор-0, әдіскер-1, тәрбиеші-8, бейнелеу маманы-1, информатика маманы-1, логопед-1, би маманы-1, ұйымдастырушы-1, дене шынықтыру маман-1, эстетик-1, психолог-1, ән-саз маманы-1

2023-2024 оқу жылында штаттық кесте бойынша – 18 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде: директор-0, әдіскер-1, тәрбиеші-8, бейнелеу маманы-1, информатика маманы-1, логопед-1, би маманы-1, ұйымдастырушы-1, дене шынықтыру маман-1, эстетик-1, психолог-1, ән-саз маманы-1

2024-2025 оқу жылында штаттық кесте бойынша – 18 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде: директор-1, әдіскер-1, тәрбиеші-8, бейнелеу маманы-1, информатика маманы-1, логопед-1, би маманы-1, ұйымдастырушы-1, дене шынықтыру маман-1, эстетик-1, психолог-1

Кадрлар құрамын талдау Әдістемелік ұсынымдарға 2-Қосымшасы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025

Педагогтердің білімі бойынша мәлімет

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары	Оның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Оның ішінде мектепке дейінгі	Бала күтіміндегі педагог
2022-2023о.ж	18	11-61,1%	6-54,5%	7-38,8%	5-71,4%	1
2023-2024о.ж	18	11-61,1%	6-54,5%	7-38,8%	5-71,4%	1
2024-2025о.ж	18	13-72,2%	6-46,1%	5-27,7%	4-80%	2

Педагогтердің санаты бойынша мәлімет

Оқу жылы	Педагог саны	Санаты							
		ІІІ санатты басшы	Жоғары	I санат	II санат	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Санатсыз
2022-2023о.ж	18	-	-	2	4	5	-	-	7
2023-2024о.ж	18	-	-	2	4	8	-	-	4
2024-2025о.ж	18	1	-	-	-	11	-	-	6

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі.

Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асырылады.

Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады. Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікірталас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған. Балабақшадағы ашық сабақтар, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр

оқу жылында өз деңгейінде өткізілген.

Педагогтардың курстан өткені туралы мәлімет 2022-2025 оқу жылы

Оқу жылы	Педагог саны	Облыстық	Республикалық
2022-2023о.ж	18	4	
2023-2024о.ж	18	11	
2024-2025о.ж	18	2	7

Білім беру ұйымының бекіткен жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күнделікті жұмыс тәртібі, үлгілік оқу жоспары № 557 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізілді. Жоспар және циклограммалар талданды. Өткен екі оқу жылындағы жұмыстың оқу жоспарларында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. МДТОҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы; оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы 2022-2023, 2023-2024, 2024–2025 оқу - жылында білім беру салалары бойынша үлгілік оқу жоспарының оқу жүктемесінің талаптарына сай жүргізілді.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына ҰОҚ кестесі, перспективалық жоспары ұсынылған.

«Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Бөбекжайдың негізгі бейінділігі эстетикалық бағытта қарастырылған. Жоспарға сай баланы дамыту бағытында жұмыстар жүргізілген.

Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылына бекітілген ҰОҚ кестесінде «Балапан», «Айналайын» кіші жас тобында (2 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Музыка» аптасына 1 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Сенсорика», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарлап көрсеткен.

«Күншуақ» орта жас топтарында (3 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» 1 рет, «Музыка» аптасына 1 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарлап көрсеткен.

«Құлыншақ» ересек жас топтарында (4 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, Қазақ тілі 1 рет, «Музыка» аптасына 2 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарлап көрсеткен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған. Пәндік кеңістіктік дамытушы орта құру балабақшамызда баланың жас ерекшелігіне сай құрылған. Пәндік- кеңістіктік даму ортасы, баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілер мен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Осы мақсатты іске асыру барысында бөбекжайда ойын технологиясы «Тәй-тәй» технологиясын, «Құм және тас», «АРТ терапиясы» пайдаланады. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда сәйкес пәндік – кеңістіктік даму ортасын құруды өлшеу бойынша талдау жүргізіледі. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар жасақталған.

"Физикалық қасиеттерді дамыту", "Коммуникативтік дағдыларды дамыту", "Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту", "Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту", "Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған. Физикалық қасиеттерін дамыту, Коммуникативтік дағдылар, Танымдық және зияткерлік дағдылар, Шығармашылық дағдылары зерттеу іс-әрекетін дамыту, Әлеуметтік - эмоцияналды дағдыларды қалыптастыру ойын іс-әрекет негізінде кіріктіріліп қамтамасыз етілген. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға үлгілік оқу жоспарының міндеттеріне сәйкес циклограмма құрылған. Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібінің міндеттері, мазмұны ұзақтығы және ұйымдастырылған іс-әрекеттері сақталған. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы көрсетілген. Бөбекжай әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстармен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелері жасалған. Жыл сайын бөбекжай тәрбиеленушілері мен педагогтері зияткерлік байқауларға, көркемдік және шығармашылық конкурстарға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді.

«Айгүл» бөбекжайы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, жылдық жоспар, оқу әдістемелік құжаттар бар.

4. Тәрбиеленушілердің контингенті

«Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі» бөліміне сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдау «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады, жолдамалар алып, ата-аналармен электронды келісім-шарт indigo-munayli.e-orда.kz автоматтандыру сайты арқылы жасалады. Тәрбиеленушілердің толық жолдамалары бар, журналға тіркелген.

Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшасы Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 жылдағы НОБД бойынша балалардың тізімі электронды нұсқада қоса берілді.

2022-2023 оқу жылында

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	9	2жас	Балапан
2	22	3жас	Айналайын
3	15	4 жас	Күншуақ
4	18	5 жас	Құлыншақ
64		Барлығы: 4 топ	

2023-2024 оқу жылында

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	19	2жас	Балапан
2	24	3 жас	Айналайын
3	18	4 жас	Күншуақ
4	24	5жас	Құлыншақ
84		Барлығы: 4 топ	

2024-2025оқу жылында

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	12	2 жас	Балапан
2	9	3 жас	Айналайын
3	25	4 жас	Күншуақ
4	25	5 жас	Құлыншақ
71		Барлығы: 4 топ	

4.Оқу-әдістемелік жұмыс Жылдық міндеттемелер

Оқу жылдары	Жылдық міндеттемелер
2022-2023	1. Ұлттық құндылықтар негіздерін жандандыру; 2. Денсаулық түзету жұмыстарын жасау, күннің екінші жартысындағы шынығу жаттығуларын жүзеге асыру; 3. «Құм терапиясы және Арт-терапиясы» 4. Рухани жаңғыру: «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасын жүзеге асыру.
2023-2024	1. Ұлттық құндылықтар негізіндерін жандандыру; 2. Заттық-дамытушылық ортаны қалыптастыру; 3. «BabySkills-2024» Жобасын жүзеге асыру;
2024-2025	1.Экологиялық тәрбие; 2. Біртұтас тәрбиеі бағдарламасы орындалысының тиімділігі; сапалы және қолжетімді білім беру және шығармашылық ортасын дамыту.

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын енгізу барысында, инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншек ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау екі этаптан тұрады: бірінші этап – өзін-өзі бағалау; екінші этап – аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік, қызметкерлер және ата-аналармен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, қызметкерлермен және ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын заттық-дамытушы ортаның болуы балалардың күні бойы іс-әрекеттердің ойын түрінде өткізілуін бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен оқу тәрбие жұмыстарын жүргізу барыстарында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларын, ақыл- ой және сөздік логикалық есептерді кеңінен қолданды. Педагогтардың күш-жігері балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан, заттар әлемінен тәжірибе жасау барысында қабылдау сезімдерін оятуға бағытталған.

Бөбекжай педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін қалыптасыруға, шыңдауға бағытталған іс-шаралар (педагогикалық кеңестер, ашық оқу қызметтері, семинарлар, кеңестер, педагогикалық сағаттар, тренингтер) өткізіліп тұрады. Барлық педагог-мамандардың кәсіби біліктілігін көтеріп, компьютерлік сауаттылықты меңгеріп отырады.

Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне инновациялық, сын тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік

көмектер көптеп көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

ОҚУ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.

Жылдық жоспар. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстарының 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспары жинақталған. Жылдық жоспар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатта» берілген үлгі бойынша талапқа сай құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, бөбекжайдың материалдық-техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, заттық-кеңістіктік дамытушы орталарға бөлінген, жаңа дизайнмен безендірілген. Айта кетсек табиғат орталығы, әдеби орталық, өнер орталығы, емхана орталығы арнайы жабдықталған. Танымдық қызығушылықтарын жетілдіруге арналған дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтері топта біріктіріліп өтеді. Таңертеңгілік жаттығулар топтарда өткізіледі, онда күнделікті таңертеңгі жаттығулар кешенін өткізетін құралдармен жабдықталған. Сонымен қатар дене шынықтыру оқу қызметіне қажетті құралдардың барлығы денсаулық бұрышында жинақталған. Табиғат бұрышы барлық топтарда баланың жас ерекшеліктеріне қарай жасақталған. Кіші топтан бастап ересек топ балалардың жас ерекшеліктеріне қарай стендылармен жасақталып, жылдың 4 мезгілі, ауа-райының болжамына байланысты апта күндерінің бейнелерімен, суреттерімен безендірілген. Сонымен қатар барлық топтарда ең алдымен қажетті гүлдермен толықтай жабдықталған. Кіші топтарда үлкендердің көмегі арқылы бақыланатын болса, ересек, ортаңғы топтарында табиғат бұрыштарында аптасына бір рет еңбек жұмысын жасайды. Балалар еңбек жұмысын жасаудағы киімдерін киіп, тәрбиешілердің көмектерімен бірге гүлдерді суарып, түптерін қопсытып, жапырақтардың шаңдарын сүртіп еңбекке баулуда.

Барлық топтарда ойын бұрыштары талапқа сай жасақталған. Ойын бұрышында балаларды дамытуға арналған жас ерекшеліктеріне сай ойыншықтармен жинақталған. Кіші топтарда сенсорлық ойындар, жоғарғы топтарда сюжеттік ойындар жинақталған. Атап айтатын болсақ шаштараз, дүкенші, аспазшы, құрылысшы т.б.

Сонымен қатар барлық топтарда шығармашылық бұрыштары жинақталған. Ол бұрышта сурет салу, мүсіндеу, жапсыру ұйымдастырған оқу қызметіне қажетті құралдармен жабдықталған. Барлық топтарда театр және кітап бұрыштары байланыстырылып жасақталған. Театр бұрышында жас ерекшеліктеріне байланысты театр түрлерімен жинақталған. Атап айтатын болсақ үстел үсті театры, қуыршақ театры, көлеңке театры, саусақ театры көрнекіліктері бар. Бірнеше топтарда ертегілерді байланыстырып, вариативтік компонентты қосып отыр. Театр жұмысы бөбекжай бақшамызда жақсы жолға қойылған. Кітап бұрышында да жас ерекшеліктеріне орай ертегі кітаптармен жабдықталған, аптасына бір рет кітаппен жұмыс жүргізіледі. Жабдықтарымен бірге өмір сүру

қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ балалардың денсаулығына, сондай-ақ презентацияның жеткіліктілігі мен қолжетімділігіне қатысты қағидаттарды сақтау қажеттілігі ескерілген. Бөбекжай балалары үшін арнайы шығармашылық алаң қарастырылған. «Тарих-өткеннің өнегесі.Алдыңғының кейінгіге сыбағасы» тақырыбында шағын мұражай ата-аналар үшін сырласу орны қарастырылған. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консултациялық пункт жұмыс жасайды. Стандарттың орындалысы бойынша жүзеге асыралтын іс шаралар әлеуметтік желілерге салынады (Instagram, Facebook, сайт).

Бөбекжай мұздатқыштармен, технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және төсек орындары, орамалдармен түгелдей жабдықталған. Музыка, би іс-әрекеттерін сапалы жүргізуге аспаптармен жабдықталған.Дене шынықтыру оқу қызметтерін сапалы жүргізуге барлық топтар спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық серуен кезіндегі ойын алаңдарда көлеңке түсіретін қалқалары, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар бөбекжай ауласы көгалдандырылған, яғни гүлдер мен гүлзарлар, ағаштар отырғызылған.

Ас бөлмелер арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқышар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық-түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарт жасалынған. Балалар 5 рет тамақтанады. (Таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас)

Кір жуатын арнайы бөлме бар . Мектепке дейінгі мекемедегі баланың денсаулығын қадағалау және сақтау қорларының талабы мектепке дейінгі нормативтік құжаттарға сай келеді.

5. Оқу материалдық активтер:

Бөбекжаймыздың материалдық техникалық базасы жабдықтармен және жиһазбен толықтай қамтылған: Балабақша ескі балабақшадан жаңа типтік балабақшаға 2008 жылы қараша айынан бастап іске қосылды.

Бөбекжай екі қабатты ғимарат, жалпы ауданы 1553,2 ш.м, жобалық қуаты 100 орындық, 4 топтан тұрады. Бөбекжай жаңа заманауи құрал- жабдықтармен жабдықталған асханамен, медициналық кабинетпен қамтамасыз етілген. Бөбекжайда 4 топта теледидар және желдеткіш құралдары мен толықтырылған. 4 топта балаларға қол жетімді қол жуғыштар және унитаздар орналастырылған. Ойын алаңдары 4 топқа жасақталған балаларға ойнауға арналған алаңдар көгалдандырылып ағаш түрлерімен гүлдер отырғызылған. Бөбекжайда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында орталық дабыл қақыш, бейне бақылау ЦОУ –ға қосылған. Бейне бақылау саны барлығы 45 дана, сыртта 10 дана және топтарда 35 бақылау камералары орнатылған. Өрт қауіпсіздігіне арналған өрт сөндіргіш құралдары екі қабатта орналастырылған,

1 дана щит бар. Компьютер саны 16, интернет желісіне қосылған 4 нүкте, жылдамдығы 10 Мбит/с. Бөбекжай 2023-2024 оқу жылында ағымдағы жөндеуден өтті, күрделі жөндеуді қажет етеді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасы кестесі электронды нұсқада қоса берілді.

6.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры:

Бөбекжай оқу-әдістемелік кітаптар қорымен толық қамтамасыз етілген. Бөбекжай дәлізінде 2024-2025 жылы электронды ертегі кітапхасымен, екі планшетпен толықтырылды. Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің тізімі қоса берілді. Бөбекжайда барлық топтарда кітапхана бұрыштарымен жабдықталып, бүлдіршіндердің кітапқа қызығушылығы арттыруда.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- Баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;

Мониторинг жылына 3-рет:

- бастапқы-қыркүйекте
- аралық-қаңтарда
- қорытынды мамыр айында жүргізіледі.

Өткен екі оқу жылымен ағымдағы оқу жылында бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытта жүргізіледі.

Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысы жүргізіледі. Баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағытқа асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары ұйымдастырылды. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының және ағымдағы 2024-2025 жылдың бастапқы мониторингі. Оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес, балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде кіші, ортаңғы, ересек топтарының білім беру саласы бойынша құзыреттілікті игеру деңгейінің бастапқы, аралық, қорытынды жеке даму картасы жасақталып, нәтижелері нақты айқындалды.

Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелері жасалған. Жыл сайын балабақша тәрбиеленушілері мен педагогтері зияткерлік байқауларға, көркемдік және шығармашылық конкурстарға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының динамикасынын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады.

2022-2023 оқу жылы (бастапқы)

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас топ (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (3 жастан бастап)		Ересек топ (4 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	7	8	9	10	11	12
1	Денсаулық сақтау	2/31	28/90,3%	1/15	14/93,3%	1/18	17/94,4	4/64	59/92,1%
2	Коммуникативті-тілдік	2/31	27/87,9%	1/15	12/80%	1/18	17/94,4	4/64	56/87,5
3	Танымдық	2/31	22/70,9%	1/15	11/73,3%	1/18	16/88,8	4/64	49/76,5
4	Әлеуметтік	2/31	27/87,9%	1/15	14/93,3%	1/18	17/94,4	4/64	58/90,6
5	Шығармашылық	2/31	25/80,6%	1/15	13/86,6%	1/18	16/88,8	4/64	54/84,3

2022-2023 оқу жылы (қорытынды)

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (4 жастан бастап)		Ересек жас (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	7	8	9	10	11	12
1	Денсаулық сақтау	1/14	14/100	1/13	13/100	1/15	15/100	3/42	42/100
2	Коммуникативті-тілдік	1/14	13/92,8	1/13	13/100	1/15	15/100	3/42	41/97,6
3	Танымдық	1/14	13/92,8	1/13	13/100	1/15	15/100	3/42	41/97,6
4	Әлеуметтік	1/14	14/100	1/13	13/100	1/15	15/100	3/42	42/100
5	Шығармашылық	1/14	14/100	1/13	13/100	1/15	15/100	3/42	42/100

2023-2024 оқу жылы (бастапқы)

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас топ (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (4 жастан бастап)		Ересек топ (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Денсаулық сақтау	1/24	21/87,5	1/23	22/95,6	1/21	20/95,2	3/68	63/92,6
2	Коммуникативті-тілдік	1/24	22/91,6	1/23	21/91,3	1/21	19/90,4	3/68	62/91,2
3	Танымдық	1/24	20/83,3	1/23	20/83,3	1/21	18/85,7	3/68	58/85,3
4	Әлеуметтік	1/24	22/91,6	1/23	22/95,6	1/21	20/95,2	3/68	64/94,2
5	Шығармашылық	1/24	23/95,8	1/23	22/95,6	1/21	20/95,2	3/68	65/95,6

2023-2024 оқу жылы (қорытынды)

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (4 жастан бастап)		Ересек жас (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	7	8	9	10	11	12
1	Денсаулық сақтау	2/39	39/80%	1/16	16/100%	1/19	19/100	4/74	74/100%
2	Коммуникативті-тілдік	2/39	39/80%	1/16	16/100%	1/19	19/100	4/74	74/100%
3	Танымдық	2/39	39/80%	1/16	16/100%	1/19	19/100	4/74	74/100%
4	Әлеуметтік	2/39	39/80%	1/16	16/100%	1/19	19/100	4/74	74/100%
5	Шығармашылық	2/39	39/80%	1/16	16/100%	1/19	19/100	4/74	74/100%

2024-2025 оқу жылы (бастапқы)

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас топ (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (4 жастан бастап)		Ересек топ (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Денсаулық сақтау	2/17	14/80%	1/22	19/88%	1/24	23/96%	4/63	56/88,8%
2	Коммуникативті-тілдік	2/17	14/80%	1/22	19/88%	1/24	23/96%	4/63	56/88,8%
3	Танымдық	2/17	14/80%	1/22	19/88%	1/24	23/96%	4/63	56/88,8%
4	Әлеуметтік	2/17	14/80%	1/22	19/88%	1/24	23/96%	4/63	56/88,8%
5	Шығармашылық	2/17	14/80%	1/22	19/88%	1/24	23/96%	4/63	56/88,8%

2024-2025 оқу жылы (аралықы)

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Ортаңғы жас (4 жастан бастап)		Ересек жас (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Денсаулық сақтау	2/19	19/99%	1/24	24/100%	1/25	25/100%	4/68	68/100%
2	Коммуникативті-тілдік	2/19	19/99%	1/24	24/100%	1/25	25/100%	4/68	68/100%
3	Танымдық	2/19	19/99%	1/24	24/100%	1/25	25/100%	4/68	68/100%
4	Әлеуметтік	2/19	19/99%	1/24	24/100%	1/25	25/100%	4/68	68/100%
5	Шығармашылық	2/19	19/99%	1/24	24/100%	1/25	25/100%	4/68	68/100%

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы

Сауалнаманың мақсаты: балабақшаның атқарған жұмыстарындағы іс-әрекетінің оңтайлы және жағымсыз жақтарын анықтау. Қатысқан ата-аналар ересек тобы балаларының ата-аналары саны –24. Талдау барысында сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:

**Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналары үшін
(толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)**

Жүргізілу мерзімі: 03.04.2025 жыл

№	Сұрақтары	Жауаптары			
		Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады ма?	61%	39%	0	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар ма?	44%	52%	4%	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз ба?	74%	26%	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	52%	48%	0	0
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	52%	48%	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	64%	36%	0	0
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және	50%	50%	0	0

	тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді				
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	68%	32%	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез кұлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	59%	41%	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	52%	48%	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	54%	41%	5%	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	24%	43%	33%	0
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту	32%	41%	27%	0

	бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				
--	---	--	--	--	--

Сауалнамаға «Құлыншақ» ересек тобының барлығы 24 ата-ана қатысты 100% жауап берді. Ата-аналары балабақша жұмысына риза. Ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 100% құрады, бұл қанағаттанудың жақсы деңгейін көрсетеді. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұраныстары мен тілектерін қарастыруға және ескертуге мүмкіндік береді.

«Айгүл» бөбекжайының қызметкерлері үшін ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтайтын сауалнамма сұрақтары
Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін
(толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)

№	Сұрақтары	Жауаптары			
		Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	75%	25%	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	75%	25%	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	75%	25%	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-	63%	31%	0	6%

	психологиялық қолдау алады				
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	69%	31%	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	69%	25%	0	6%
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	81%	19%	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	69%	31%	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	62%	38%	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	75%	25%	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	56%	38%	6%	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	75%	25%	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	75%	25%	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-	62%	38%	0	0

	әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды				
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	81%	19%	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	62%	38%	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	87%	13%	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	94%	6%
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	37%	19%	44%	0

Сауалнамаға 16 педагог қатысқан, педагогтер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне 100% қанағаттанатындығын көрсеткен.

Сауалнаманың негізінде пікір-талас, дөңгелек үстелді жиі өткізу балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтады. Дене шынықтыру жұмыстарын түрлі бағытта жүргізу, балаларды жиі саяхаттарға алып шығу, қаланың көрікті жерлерімен жиі таныстыру, топты бірлесе көркейтуге атсалысу т.б ата-аналардың ұсыныстары тәрбие жұмысында ескеріледі.

Ата-аналармен өткізілген сауалнамалар қорытындысында және пікірлесу бойынша динамикасы қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетті.

10 .Қорытынды

ЖБҚ МКҚК «Айгүл» бөбекжайы өзін-өзі аттестаттау құжаттарының жиынтығы бағытында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екенін көрсетті. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын қызметін бағалау өлшем шарттар бойынша төмендегідей бағаланды:

№	Бағалауөлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	88,2%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минисрінің 2022жылғы 12қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100%	5
6	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100%	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі	100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	99 % - ке дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне	5

		қанағаттанған.	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.	5
Қорытынды 47 ұпай «жақсы» деп бағаланды			4

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Айгүл» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның өзін –өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы 47 балл «жақсы» деп бағаланды.

Комиссия төрайымы;

Әлішбаева Индира Дабылқызы



Комиссия мүшелері:

Саликова Алия Нургалиевна

Кабиева Гулзияш Кусайновна

Жүсіпова Мензипа Мұхитқызы

Әлиасқарова Гүлнұр Әлиасқарқызы